

Оқытудағы әдіс- тәсілдер

Орындаған: ҚТӘ-15 тобының
студенті Жанәділ А.С

Қабылдаған: аға оқытушы
Мұхамеджанова Г.Т



Жоспар:

- 1. Оқытудың сөздік әдістері**
- 2. Кітаппен және оқулықтармен жұмыс**
- 3. Көрнелік әдіс**
- 4. Машықтық әдіс**
- 5. Түсіндірмелі-иллюстративті әдіс**

Әңгімелесу- ол оқытудың диалогтік әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластыратын сұрақтар жүйесін беру арқылы біртіндеп оларды жаңа материалды түсінуге әкеледі немесе бұрын оқылғандарды түсінген , түсінбегендерін тексереді. Әңгімелесу әдісін кейде сұрақ-жауап әдісі деп те атайды.Ғылымда әңгімелесу әдісінің үш түрі көрсетіп жүр:

Хабарлау
әңгімелесу

Эвристикалық
әңгімелесу


Жаңғырту
әңгімелесу

Әңгіме әдісі

Әңгіме
оқушылардың
адамгершілігіне
көмектесу керек

Әңгімеде ғана
дәлелді және
ғылыми
тұрғыдан
тексерілген
фактілер болу
керек

Әңгіме нақты
жүйелі болуы
керек



Кітаппен және оқулықтармен жұмыс-
сабақ үстінде мұғалім басшылығымен
жүзеге асады. Одан әрі оқушылар кітаппен
жұмыс істеуге өздері дағдыланады. Сабақ
материалдары бойынша өздік жұмыс
жасаудың кейбір тәсілдері бар:

Тезистеу

Аннотациялық



Кітаппен жұмыс әдісі тәсілдері



Конспектілеу

Мәтін жоспарын жасау

Оқытуда көрнекілік әдістер. Бақылау оқыту әдісі ретінде сезімдік танымның белсенді формасы болып табылады. Бұл әдісті қолдану жан-жақты дайындықты қажет етеді; бақылаудың сызба — нұсқасын өңдеу; оқушыларды бақылау нәтижелерін өңдей білуге және оны тікелей білу тәсілдеріне үйрету. Бұл әдістің олардың өзіндік жұмыс істей білу дағдыларына көмектеседі, танымдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік мәні зор.

Көрнекілік әдіс – барлық пәнде сабақ сайын қолданылатын әдіс болып табылады. Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін ұсынды:

Түсіндіру

әсерлендіру

есте қалдыру

Оқу процесінде қолданылатын көрнекілік түрлерін атап өтсек:

-**Табиғи көрнекілік:** оқушыларды нақты объектілермен (өсімдіктермен, жануарлармен, минералдармен) таныстырады.

-**Эксперименттік көрнекілік** арқылы оқушылар химиядан, физикадан тәжірибелер жасайды.

-**Суретті көрнекілік:** нақты дүниенің бейнесін көрсету (бейнесурет, картина, диафильм, мылқау кинофильмдер).

-**Жасанды көрнекілік:** макет, үлгі, муляж, геометриялық фигуралар, плакаттар, портреттер, панорама.

-**Дыбыстық көрнекіліктер:** күйтабақтар, ұнтаспаға жазылған материалдар, т.б.

-**Символдық және графикалық көрнекілік:** карта, жоспар, сызба, диаграмма. (абстракты ой дамуына көмектеседі, себебі болмысты шартты белгілермен белгілейді)

-**Техникалық көрнекіліктер:** киноаппараттар, диафильмдер, диопроэкторлар, эпидиаскоптар, телевизор, радио т.б.

Түсіндірмелі-иллюстрациялы

ОҚЫТУ.

Оның дәстүрлі оқыту деп аталатыны тарихта ұзақ уақыт бойы өміршең болғанына байланысты. Дәстүрлі оқыту жаңадан пайда болған түсіндіру жолдары мен көрнекіліктерді өзіне кіріктіріп отырады. Бұл жүйедегі негізгі оқыту әдіс-тәсілдеріне көрнекіліктерді пайдалана отырып түсіндіру жатады.

Оқушылардың негізгі іс-әрекеті: берілген білімнің мазмұнын тыңдау, қабылдау, естерінде сақтау. Мұндай оқытудың талабы: оқушылар есте сақтаған өткен оқу материалының мазмұнын қатесіз қайталап айтып беруі.

Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқытудың Ғасырлар бойы нығайтылған пайдалы жақтары:

1. - Уақытты үнемдейді;
2. - Мұғалім мен шәкірттердің күш-қайратын жетілдіреді;
3. - Күрделі білімдерді қабылдауды жеңілдетеді;
4. - Оқыту процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.
5. - Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқытудың кемшіліктері:
6. - Оқушылардың дайын білімді жаттап алуы,
7. - Шәкірттердің өз бетінше ойлауына қажетті көңіл бөлінбеуі;
8. - Дара және бөліп оқыту мүмкіндіктерінің жетімсіздігі.

A decorative blue ribbon with several small orange and pink roses and blue flowers attached, flowing from the top left towards the center.

**Назарларыңызға
рахмет!**

